

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Ірі мәмілелер¹

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес ірі деп танылатын мәмілелер бойынша шешім қабылданған жоқ.

Мүдделі мәмілелер²

«Полиэтилен өндіретін қазақстандық зауыт»

2024 жылы 11 қыркүйекте Атырау облысындағы «ҰИМТ» АЭА аумағында қуаы жылына 1,25 млн тонна болатын және инвестиция көлемі шамамен 7,4 млрд АҚШ долларын құрайтын полиэтилен өндіретін зауыттың ерте құрылыс жұмыстары басталды. Жобаны Silleno компаниясы іске асыруда. Бұл компанияның үлескерлері – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (40%), Sinopec Overseas Investment Holding (30%), «СИБУР Холдинг» ЖАҚ (30%). Жобаны қаржыландыру акционерлердің қаражаты және халықаралық банктерден тартылған кредиттер есебінен қамтамасыз етіледі. Мүдделі мәміленің мәні, яғни жоба құнының ҚМГ активтерінің баланстық құнына пайыздық арақатынас көрсеткіші 21%-ды құрады.

¹ Құны қоғам активтерінің баланс құнының жалпы мөлшерінің 25% және одан астамын құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы.

² Бұл эмитенттің жасауға мүддесі бар мәмілелер және оларды жасасу туралы уәкілетті орган шешімді шешім қабылдаған күні құны эмитент активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен 10% және одан көп болатын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты болады.

ГЛОССАРИЙ

ACCA — Қаржы, есеп және аудит саласындағы кәсіби мамандардың жаһандық қауымдастығы (Association of Chartered Certified Accountants)

ADR — Қауіпті жүктердің жол тасымалы туралы еуропалық келісім (European Agreement of Transport of Dangerous Goods on Road)

API Spec — Мұнай-газ саласындағы қызмет көрсетушілер мен жөндеу ұйымдары үшін менеджмент жүйелеріне берілетін өнеркәсіп стандарты (Application Programming Interface)

BOSIET — Теңіздегі қауіпсіздік техникасы және төтенше жағдайларға ден қою бойынша негізгі курс (Basic Offshore Safety Induction and Emergency Training)

CBAM — Шекарада көміртекті түзету тетігі (Carbon Border Adjustment Mechanism)

CCUS — Көміртекті тұту, пайдалану және сақтау (Carbon Capture, Utilization and Storage)

CDP — Көміртек бойынша есеп берудің климат бағдарламасы (Carbon Disclosure Project)

CEPI — Каспий өңірінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастама (Caspian Environmental Protection Initiative)

CFA — Халықаралық кәсіби сертификат, оны CFA (Chartered Financial Analyst) қауымдастығы береді

CIA — Ішкі аудит саласында жалпыға бірдей танылған халықаралық кәсіби сертификат (Certified internal auditor)

CIMA — Басқарушы есепке алу мамандарының сертификатталған институты (Chartered Institute of Management Accountants)

DipIFR — Халықаралық қаржы есептілігі жөніндегі диплом (Diploma in the International Financial Reporting)

DMAIC — Мәселелерді дәйекті шешу, бизнес-процестерді жетілдіру бойынша өндірісті басқару бағытында қолданылатын тәсіл (define, measure, analyze, improve, control)

EBITDA — Пайыз, салық, тозу және амортизация шығындары шегірілгенге дейінгі пайда (Earnings Before Interest, Taxes, Depreciation and Amortization)

EPC — Инжиниринг, сатып алу және құрылыс (Engineering, Procurement, and Construction)

ESG — Экология, әлеумет және басқару аспектілері (Environmental, Social, and Governance)

FAR — 100 миллион адам-сағатқа шаққандағы өлім-жітім коэффициенті (Fatal accident rate)

FCA — Free Carrier (Франко тасымалдаушы)

FEED — Front-End Engineering Design — бастапқы кезеңдегі жобалау

FROSIO — Қамту инспекторларын оқыту және сертификаттау жөніндегі әлемге әйгілі Норвегияда орналасқан консультативтік кеңес (member organization for formulation of quality requirements for surface treatment and insulation inspectors based in Norway)

FS — Feasibility Study (ТЭН)

GHGP — Парник газдары шығарындылары жөніндегі жаһандық хаттама (Greenhouse Gas Protocol)

HSE — Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік (Health, Safety and Environment)

IOGP — Халықаралық мұнай-газ өндірушілер қауымдастығы (International Association of Oil & Gas Producers)

IOSH — Қауіпсіздік техникасы және денсаулық сақтау институты (Institution of Occupational Safety and Health)

IPCC — Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы (Intergovernmental Panel on Climate Change)

IPMA — Халықаралық жобаларды басқару қауымдастығы (International Project Management Association)

I-REC — Халықаралық жаңартылатын энергия сертификаты (International Renewable Energy Certificate)

ISO — Халықаралық стандарттау ұйымы (International Organization for Standardization)

ISGOT — Мұнай танкерлері мен терминалдарға арналған халықаралық қауіпсіздік нұсқаулығы (International Safety Guide for Oil Tankers and Terminals)

ITSM — IT қызметтерді басқару (IT Service Management)

IWCF — Ұңғыманы қауіпсіз бұрғылау мен бақылау саласында мұнай-газ кешені мамандарын аккредиттеу, тестілеу және сертификаттаудың халықаралық коммерциялық емес органы (International Well Control Forum)

KEBCO — Kazakhstan Export Blend Crude Oil (Қазақстан шикі мұнайының экспорттық қоспасы)

KMGE School — «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-ын нақты бағыттағы кадрлармен қамтамасыз етуге арналған бағдарлама, оның аясында бакалавриат студенттері ішінен іріктеу жүргізіледі

LDAR — Ағып кетуді анықтау және жою (Leak Detection and Repair)

LTIR — 1 миллион адам-сағатқа шаққанда жұмыс уақытын жоғалтқан жарақат алу оқиғалардың коэффиценті (Lost Time Incident Rate)

MES — Өндірісті басқару жүйесі